

ЖАМБЫЛДЫҢ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қазақ халқының ұлы жыршысы Жамбыл өзінің жүз жылдық өмірінің көпшілігін ақындық өнер жолына жұмсады. Өз бойына біткен ақындық қасиетін қозғап, Жамбыл жасынан-ақ өлең-сөзге құлшына бой ұрған. Сол алғашқы өмір кезеңінде Жамбылдың ақындық атын шығарған толып жатқан шығармалары болған. Біздің әдебиет зерттеу жүзінде ұлы ақынның сол ертеліктегі шығармалары әлі де жете айтылып, толық танытылып жүрген жоқ. Әдебиетшілеріміз Жәкеңді сөз еткенде, әсіресе, ақынның революциядан кейінгі шығармалары жайлы көбірек айтады, шынында Жамбылдың революцияға дейінгі шығармалары - өз алдына бір төбе, келелі, қадірлі шығармалар. Ақынның революцияға дейінгі өлең-жырлары қазақ әдебиеті тарихынан ерекше орын алады. Бұл шығармалар өзінің көркемдік, әлеуметтік әрекеттерімен әдебиетіміздің тамаша мұрасы болып есептеледі. Тарихи шындыққа қарасақ, ақынның бұл шығармалары - революцияға дейінгі қазақ өмірінің өмір айнасы, халық күйінің суреті. Сол шығармаларында-ақ Жәкең өзінің халық жырын жырлаған ұлы жыршы екенін еліне танытқан.

Сырт қарағанда Жамбылдың революцияға дейін шығарған жырлары көп емес сияқты. Ал, шынында, Жамбыл - өзінің революцияға дейінгі 70 жылдық өмірінде талай-талай шығармалар шығарған ақын. Жас кезінде махаббат жайынан қыздарға, жігіттерге айтқан лирикалы өлеңдері өте көп болған. Үлкейген кезінде айтыс өлеңдерінен басқа, жеке адамдарға арнаған, байларды, ұлықтарды, молдаларды шенеген сатиралық шығармалары да көп болған. Халықтың қорған болған ерлері, мысалы, Өтеген батыр, Сұраншыны қоспағанда, Кенесары, Наурызбай жайында, Саурық, Сыздық батырлар жайында шығарған дастандары болған. Бірақ, олар кезінде ел ішіне тарап, кең жайылса да, жазылып алынбағандықтан сақталмаған. Ақын сол кездегі айтқан шығармаларының көбін бертін – қартайған шақта – ұмытып қалған.... Сол ұмытылған шығармаларының бірқатары ақынның өз аузынан, өзінің шәкірттерінің, замандастарының аузынан кейінгі кезде қайта жазылынып алынып келді.

Жамбыл қазақтың талай қызық ертегілерін, талай жырларын жатқа білген. Шығыс халықтарының ауыз әдебиетінен де жаттап алғаны көп болған. Солардың ішінде атақтылары – «Тазшаның қырық өтірігі», «Алдар көсе», «Күн астында Күнікей сұлу», «Қырық қарақшы» сияқты қазақ ертегілері. «Қобыланды», «Шора», «Қыз Жібек» сияқты қазақтың халық поэмалары, Шығыс әдебиетінен «Шаһнама», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көрұғылы Сұлтан», «Рүстем дастан» сияқты хикаялар, қырғыздың «Манас» атты дастаны, Асанқайғы, Бұхар, Сүйімбай сияқты өзінен бұрынғы ақындардың шығармаларын әңгіме, өлең-жыр, ертегілерді айтып жүріп, Жамбыл өз жанынан да тың ертегілер шығарған.

Сондай Жамбыл шығарған ертегілердің бірі – «Ханым сұлу» деген ертегі. Ертегінің қысқаша мазмұны. Ертеде бір Ханым атты сұлу қыз болады. Ол қыздың сұлулығына көрген адам таң қалатын болады. Ханымға ғашық болмаған жігіт аз болады. Бірақ, Ханым нелер жігітке тимейді, кемеліне жеткенше ағасының қолында өседі. Қыздың сұлулығы туралы хабар сол кездегі Қоқан ханына жетеді. Қоқан ханы Баймырза деген баласын сол қызды алып қайтуға жібереді. Хан баласына: «Көнсе сүйіп, көнбесе зорлап алып кел», - дейді.

Хан баласы Баймырза Ханымның еліне келеді, жұрт Ханымды тауып бергенше күніне ат-шапан айып және бір қыз алып тұрады. Халық елдегі қыз таусылатын болған соң, қыз біткенді еркекше киіндіреді. Баймырза ауылдан қыз таба алмайды. Бірақ, бір күні еркекше киінген Ханым өзінің сұлулығымен әйел екендігін қоқандықтарға сездіріп алады. Қоқандықтар Ханымды қоршап алған кезде, Ханым ретін тауып Баймырзаны өлтіреді де, жігіттермен бірге тауға қашып кетеді. Қоқан ханы келіп қашып кеткен жігіттерді ұстап алып: «Менің баламды өлтірген қайсың?» - дегенде, Мәделі деген жігіт: «Мен өлтірдім», - дейді. Бірақ, мәделі ақын екен, ханға тамаша өлең айтып, жұртты пәледен құтқарады. Ханым Мәделіге тиеді...

Бұл ертегінің идеялық мазмұны, шынында, тарихи шындықпен қабысып жатыр. Жамбыл бұл ертегісін қазақ халқының тарихына, сол тұстағы әлеуметтік күйіне тығыз байланыстыра шығарған. Жамбылдың балалық кезінде (1850-60 жылдары) Жетісу аймағындағы Ұлы жүз қазақтары Қоқан хандығының қысымында болатын. Қоқан хандығы өзіне оларды еріксіз бағындырып, елге ауыр азап салатын еді. Жамбыл ертегісінде осы тарихи шындықтың суреті айқын көрініп тұр. Ертегідегі Ханым мен Мәделі – өз намысын да, ел намысын да қорғай алатын кеудесінде жігері, қайраты бар ер адамдардың образы. Мұндай адамдар Қоқан хандығының қысымынан елді құтқару үшін қажет адамдар еді.

Екінші бір ертегісінде Жәкең жатып ішер жалқаудың образын жасайды. Байдың «шөп басын сындырмай» өскен жатып ішер, жалқау баласы ауылға өрт тигенде, ерініп үйінен шықпай, өртеніп өледі. Байдың баласын мұндай ажуа қылу Жамбылдың жатып ішер қанаушы тапқа деген өшпенділігі алғашқы дәуірінің өзінде-ақ басталғандығын көрсетеді. Бұл ертегінің идеялық мазмұнынан еңбектің жауы – өмірге да жау деген мағына тудырады.

Ақын 20-25 жастағы жігіт шағында серілікпен, салдықпен атағы шыққан Ақансері, Біржансал сияқты әнші, ақындарға көп еліктейді. Солар сияқты ән шырқап, өз жанынан әдемі өлеңдер шығарып айтатын болады. Бұл шығармаларының негізгі тақырыбы – махаббат – романтикалық сарында болып келсе, түр, ырғақ жағы музыкаға, ән-күйге бейімделіп құрылады. Жамбылдың жігіт шағындағы лирикалық шығармалары көбінесе өз басының махаббат драмасына байланысты болған. Мысалы, Сара деген қызға айтқан өлеңдері, ол қыз өлгенде шығарған зар жоқтаулары бар.

Нұрбектің қызы едім атым Сара,
Жеке келген бәйгеден жалғыз дара.
Өзің білмей, кісіден жөн сұрайсың,
Қайда кеткен ақылың, байғұс бала.

Базар барсаң, Атбасар, Қызылжар бар,
Өзім сылқым, өзім сал, мен кімге зар...
Шыңға біткен біреудің шынарымын,
Көлеңкемнен аулақ жүр, менде нең бар... –

деп, Сараның атынан айтқан өлеңім әлі есімде, - дейді Жамбыл.

Жамбылдың революцияға дейінгі шығармаларында ең салмақты орынды алатын – айтыс өлеңдері. Жамбылдың ақындық атағын ең алғашқы шығарған - оның Құлмамбетпен айтысы. Бұл айтыс 1881 жылы Жамбылдың 35 жасқа жеткен шағында болады. Осы бірінші айтыстың өзінде-ақ Жамбылдың ақындық өнерінің күші де, әлеуметтік ой-пікірінің мақсат-бағыты да айқын көрінеді. Бұл айтыстың түр-форма жағы қазақ ақындарының әдеттегі айтыстарына ұқсас. Мұнда да айтысушы екі ақын екі рудың атынан сөйлейді. Құлмамбет Албан руының атынан, Жамбыл Шапырашты руының атынан жарысқа түседі. Бірақ, айтыстың түр жағы ру тартысының ықпалы сияқты болса да, мазмұн жағында әлеуметтік, таптық терең сыр жатады. Жамбыл ру тартысының көлемінен шығып, әлеумет өмірінің шындығын жырлайды. Бұл айтыста Құлмамбет дулат, Албан руының атынан сөйлесе де, әлеуметтік мәселелер жайында жалпы халықтық тілекті қорғай отырады.

Бай ордасында қымыз ішіп шалқып отырған Құлмамбет Жамбылға:

Аңлашы, Албан бай ма, Дулат бай ма,
Сенің байың Шолақ бай, Дулаттай ма?!
Қалың жатқан келейін Майлыбайға.
Бұдан соң мен барамын Бектембайға,
Тарпаң мен Тоқсейіттей бегің қайда?
Жүз мың теңге сандықта шіріп жатыр,
Баласы Ниязбектің Сәрсембайда, -

деп, өз руынан байлардың байлығын мақтап келіп:

Мен айтсам, айтам қалың байлығымды,
Дулаттан жиып жүрсің шайлығыңды.
Албан, Дулат жиылып, бата берді,
Бұзбайды жандарал да жарлығымды.
Ашулансаң аспанды тастап жібер,

Сен де аянбай қимылда барлығыңды, -

дейді. Құлмамбеттің бұл сөзінен оның өз руын мақтағанда, сол рудың ылғый байын мақтағандығы, жалпы байлықты дәріптегені ап-айқын көрініп тұр. Бұл пікірін Құлмамбет айтыс үстінде өршіте түседі. Жамбылды кеміткенде, сенің елінде байлық жоқ, біздің елдегідей байларың жоқ деп сөгеді. Жамбыл Құлмамбеттің бұл пікіріне қарсы шығып, халық алдында оны былай масқаралайды:

Адамды айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт!

Елге пайдасы жоқ «Қарынбайдай» сараң байларды мақтаған Құлмамбетті осылай сөге келіп, Жамбыл сол байлардың бет пердесін ашып, өлтіре әшкерелей кетеді. «Байларды мақтама, олар елдің сыйқын кетірген өңкей ахмақ, есек», - дейді.

Байларды осылай масқаралап сөгіп алып, Жамбыл өз елінің атақты адамдарын дәріптей жөнеледі. Бірақ, Жамбыл өз елінің адамдарын байлық жағынан емес, халыққа сіңірген тарихи еңбегі жағынан мақтап айтады. Бір кезде халқын сыртқы жаулардан қорғауға жауынгерлік жасаған Сұраншы, Саурық сияқты батырларды дәріптейді.

Байларды, атқа мінерлерді мінеу, масқаралау, халыққа қорған болған ерлерді мадақтау сарындары Жамбылдың бұдан былайғы айтыстарында өрістей береді. Бұл сарын, әсіресе, Сарбаспен айтысында (1895 ж.) толығырақ, ашығырақ көрінеді. Өз руының байларын мақтаған Сарбасқа қарсы шығып, Жамбыл тағы да Сұраншы, Саурық сияқты батырлардың елін қоқан, қырғыз шапқыншыларынан қорғау жөніндегі жауынгерлік істерін жырлап, дәріптей жөнеледі. Жамбыл бұл тұстағы өз пікіріне біраз түйінді Досмағанбетпен айтысында беереді. Мұнда байды жалпы жамандау емес, олардың халыққа жат сырларын, қанаушылығын әбден әшкерелейді, бұларды жалпылап айтпай, «араққұмар, парашыл» Қожаған сияқты байлардың, ел жегіш арамнан мал жинаған Қоқай сияқты байлардың сырын, бет пердесін әшкерелеп, олардың зұлым кескінін ашық көрсетеді. Бұл айтыста жалғыз байлар емес, сол қанаушы таптың түрлі топтары: қажы, молдалардың, саудагерлердің мінез-құлықтары, қанаушы таптың сүйеніші болған хан, төрелердің сырларын Жамбыл ашып айтады.

Сонымен қатар Досмағанбетке: «Сен шын ақын емессің, сен елді алдаған молдасың», - дей келе, Жамбыл қатты сынға салады.

Сен сықылды молдалар

Бетіне ұстап құранды,
Өтірік айтып, елді алдап,
Таратқан қисық ұранды.
Арайын оқып ышқынып,
Ауруға дем үшкіріп,
Молдалар ұқсас жыланға, -

дейді. Бұл Жамбылдың тек молдаларға берген мінездемесі ғана емес, халыққа зиянды екенін ескерткені. Осы Досмағамбетпен айтысында Жамбыл өз тұсындағы замана халінің ауыр сырын аша кетеді. «Еліміз бай, біздің ауыл жақсы», - деп көкіген Досмағанбетке қарт жамбыл сол кездегі халық тұрмысын, ауыр күйін жыр қылады. Сол ауыр азаптан құтқаруға күресетін елінде ер бар ма деп сұрау қояды:

Би мен болыс, бай, манап,
Пристав, князь, чиновник
Шулатты бала-шағанды.
Қай жақсың бар оларға
Қарсы тұрған табанды?

Жамбыл осы сұраудың жауабын өзі қайтарады. Жоғарғы аты аталғандар (пристав, болыс т.б.) – отарлау қысымын салып жүргендер, осыларды жеңетін, халықты азаптан құтқаратын кім? Ол – халықтың өзі, халықтың ел қорғайтын батыр ұлдары дейді. Жамбыл бұл пікірін осы айтыстың ең соңынан түйін ретінде ашық айтады:

Жердің бетін сел жуар,
Елдің кегін ер қуар.
Дауыл тұрса, бұлт қуар,
Жердегі жауды жұрт қуар,
Ерліктің оты лапылдап,
Аспанға шығар күн туар.
Сол майданда жарқылдап,
Қолына алмас қару ап,
Алатаудан ақырған,
Жауын жеңіп жапырған,
Қарасайдай ұл туар.

Бұл өлеңінде Жамбыл өзінің халықтың ұлы күшіне, оның болашағына сенгендігін білдіреді.

Жамбылдың революцияға дейінгі шығармаларының ішіндегі ең маңыздысы, көркемі – «Өтеген батыр» поэмасы. «Өтеген батыр» поэмасының желісі халық аузындағы аңыздан алынған.

Поэmanın идеялық маңызы қазақ халқының ғасырлар бойы қиял-арманынан, талап, тілегінен туады. Ғасырлар бойы феодалдық үстемдіктің және отаршылдық қысымның ауыр азабын тартқан халық сол азаптан, қорлықтан құтылудың талай жолын іздеп, талай күрес ашты. Хандар, патшалар билеген заманнан түңіліп, жақсы жерді, кеңшілік өмірді аңсады. Қазақтың халық әдебиетінде тамаша жерді, кеңшілік өмірді аңсау жайында шыққан легенда, жыр, ертегілер толып жатыр. Асанқайғының «Жерұйық», «Жиделі байсын» сияқты «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» жерді іздеуі осы негізге байланысты.

Жамбыл поэмасының мазмұны осы сарынға негізделген. Поэмада халық батыры Өтеген туған еліне жайлы қоныс, жақсы өмір іздеп, дүние кезеді. Халықтың қамы үшін қиын сапарға, қатерлі жолдарға аттанады. Ойға алған тілегі үшін жолындағы жауыз-қатал күштермен аяусыз күреске түседі. Жамбыл Өтеген батырдың образы арқылы халықтың талай ғасырлық қиял-арманының бейнесін айқын көрсетіп отырады. Өтеген батырдың халық игілігі үшін іздеген жері мынадай болып суреттеледі:

Мен табамын-табамын
Бұлақ аққан жерлерді.
Көгі көктеп, гүл жарып,
Құрақ атқан жерлерді.
Төрт түлікке ыңғайлы,
Толқын көлі, тоғайлы,
Көгінен нәубет, жерден нұр
Құлап жатқан жерлерді.
Жұт болғызбай, құт қонған,
Қой үстіне боз торғай,
Жұмыртқалап, бақ қонған,
Сүйікті қазақ халқына,
Ұнап жатқан жерлерді!

Өтегеннің мұндай жақсы жерлерді аңсауы арқылы Жамбыл қазақ халқының ежелгі арман-қиялын қозғайды. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған бахытты жерді» аңсауы – поэманың негізгі түйіні. Бұл түйін революциядан бұрынғы қыспақта болған қазақ халқының ең тәтті арманы еді. Поэманың көркемдік қуатын, сұлулық әсерін күшейту үшін ақын романтикалық, фантазиялық өң, көрік бере жырлаған. Жамбылдың бір ерекшелігі - поэмасына романтикалы, фантастикалы көріктерді бере отырып, оларға реалистік мазмұн береді. Сол реалистік сөз-сипаттар арқылы бұл

поэмада тарихи шындықтың беті ашылады, Өтеген батыр тұсындағы замананың қайшылық сырлары көрінеді: Өтеген батырдың қайда барса да қиыншылыққа кездесуі, қайда барса да қыспақ, қанау дүниесін көруі – сол кездегі бүкіл халықтардың өмір суреті, жалпы замана сипаты еді. Ізгілікті жер таппаған Өтеген ақырында тоқыраушылыққа ұшырайды.

Өтеген батырдың бұл трагедиясы сол тұстағы бүкіл халық басындағы трагедия еді. Ақын бұған дұрыс қорытынды жасайды. Ол қорытынды: қанаушылар билеген сұм заманда «Жиделі байсын» сияқты жақсы жерлерде жақсылық өмір болуға тиісті емес деу. Халықтың ғасырлар бойы арман еткен жақсы тұрмыс, жайлы қонысы халықтардың күресі арқылы жасалған социализм елінде ғана болатындығын ақын поэмасына кейін қосқан эпилогында айтады.

Шынында Өтеген батырдың образында халықты күреске бастайтын ереуілші батырдың тұлғасынан гөрі ұлы арман-тілектің үміткері, дара күрестің қайраткері болған образ бар.

Халықты жауларына қарсы саналы түрде күрес ашатын ереуілші батырдың образы «Сұраншы батыр» поэмасында жасалады. «Сұраншы батыр» поэмасында ақын тарихта болған батырды жыр қылады. Сұраншы – Жетісу өлкесінің 19-ғасырда жасаған белгілі батыры. Сұраншы батыр - Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалысын бастаушылардың бірі. Сұраншы бастаған күрес – қоқан-қырғыз манаптарының шапқыншылық әрекеттеріне қарсы жүргізілген. Өз халқының азаттығын, отаршылық қыспақтан құтылуды көксеген Жамбыл бұл тарихи шындықты шабыттана жырлаған. Сонымен қабат Қоқан хандығы жасаған қысымның үстін Жетісу бойындағы қазақ елін бұл кезде (20-ғасырдың басында) Ресей патшасының да отарлау шеңгелі қаусыра бастаған еді. Халық басына төнген осы секілді қанды дұзаққа қарсы аттануы ел ерлерін ояту үшін ақын бұрынғы өткен Сұраншы, Саурық сынды батырлардың ерлік істерін жыр қылады. Сұраншы - халқын қорғау жолында жаудан қайтпайтын, ер жүрек, намысқой батыр. «Жау көп, соғыспайық» деп қобалжыған Андас батырға Сұраншы мынада жалынды сөздерді айтады:

Еңкілдеген шал анау,
Шырылдаған бала анау,
Қуыршақ болған бектерге
Келіншек пен қыз анау.
Көзім тірі тұрғанда,
Қорлыққа қалай көнейін.
Жауым көп деп жасқансаң,
Сендерді дос демеймін.
Қашар болсаң, қырамын,
Кетпейсің тірі біреуің. Ел үшін жанды қимасаң,
Ер деп қалай сенейін...

Сұраншы айтқан бұл ахуал–революция қоқан қысымындағы қазақ елінің жалпы бейнесі еді. Сұраншы айтқан бұл сөз ақынның өз намысы еді. Жамбыл осы ұранмен азаттық күреске шақырды. Ел үшін жан қыятын ерлерді дәріптеді.

«Сұранша батыр» жырында ұлт азаттығын көксеумен бірге халқымыздың ұлы орыс халқымен достаса бастағандығы, жаулағыш патша, әкімдерден өзгеше, орыс халқынан шыққан бауырмал, қамқор адал ұлдардың да бар екендігі жырланады. Бұл ретте Сұраншының ұлт-азаттық күресіне болысқан Жагор образының жырлануы аса бір ізгілікті хикая.

Азаттық күрестің ерлерін жырлау жөнінен. Халықтардың достығын ұрандау жөнінен Жамбыл өзімен замандас ақындардан әлде қайда жоғары. Ол тек өткеннің ерлігін ғана дәріптеп қоймай, революция алдындағы қазақ ауылында азаттық көтерілістің айғайшысы болды. Ереуілші Сыздық, Бекболат сынды батырлармен жолдас бола жүре жұртқа ерлікті, азаттықты уағыздады. Сонымен қатар Жамбылдың сол тұстағы патша, хан, әкімдерін, езуші байларды шенеп, қарсы айтқан өлеңдері де көп болған. Әсіресе ақынның «Зілді бұйрық» деген өлеңі халық басына түскен ауыр күйдің ащы сарыны секілді. Бұл өлең - халықтың патшаға қарсы жасаған 1916 жылғы көтерілісінің ұлы сарыны. Өлең-жырларымен азаттықты көксеген. Отаршылдықты, езушілікті батыл әшкерелеген қайсар ақынды патша ұлықтарының 1916 жылы тергеуге алып, түрмеге жапқан кездері де болды. Одан да тайынбай, қайсар ақын революцияға дейін өз халқының азаттығын жырлап келді. Ол өзінің ғажап сұлу жырларымен ел жүрегін тербетті, ащы сөздерімен айбынды күреске, бахытқа шақырып келді.

Қалижан Бекқожин.

Жамбылдың революцияға дейінгі шығармалары // Әдебиет және искусство.- 1946. - № 6. - 34-41-беттер.